

XFTAP 11.15.73

**А.С. Жолдыбалина, М.М. Нұрғалиева, Ә.Қ. Назарбетова**  
*Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы*  
*Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*  
(E-mail: [alua\\_enu@mail.ru](mailto:alua_enu@mail.ru), [madiness@mail.ru](mailto:madiness@mail.ru), [aselnaz78@mail.ru](mailto:aselnaz78@mail.ru))

### **Қытайдың аналитикалық орталықтары: негізгі даму үрдістері**

**Андапта.** Мақалада авторлар Қытай Халық Республикасында бүгінгі таңда зор қарқынмен дамып келе жатқан аналитикалық орталықтардың ерекшеліктеріне, олардың жаһандық рейтингтен алатын орнына, жалпы мемлекеттік саясатты жүргізуге қосатын үлесіне тоқталған. Қытайдың аналитикалық орталықтарды дамыту стратегиясындағы ерекшеліктері мен бағыттары, түрлері мен қызметтері көрсетілген.

Авторлардың пікірінше, саяси режимнің және саяси жүйенің өзгешелігіне қарамастан, Қытай мемлекетінде аналитикалық орталықтардың дамуына ерекше назар аударатыны байқалады. Бұл үрдіс 2012 жылы Си Цзиньпиннің ҚХР Төрағасы лауазымына келуімен және сол жылғы қараша айындағы ҚКП-ның 18-ші съезінде қытайлық ерекшелігі бар аналитикалық орталықтарды құру жоспарын жариялаудан басталды.


Қытай аналитикалық орталықтарының қызметінде білім беру саясаты, яғни магистрлік және докторлық бағдарламалардың болуы – негізгі жұмыс бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен қатар Қытай үкіметі аналитикалық орталықтарды «дамудың қытайлық үлгісін» танымал ету, оны тарату, өзінің жұмсақ күш құралы ретінде позициясын күшейтуде.

**Түйін сөздер:** аналитикалық орталықтар, Қытай, жаһандық рейтинг, дамыту стратегиясы, сарапшылар, аналитикалық нарық, зерттеу орталықтары.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2019-129-4-61-71>**

**Кіріспе.** Саяси жүйенің, саяси режимнің өзгешелігіне қарамастан Қытай да өз мемлекетінде аналитикалық орталықтарды дамыту жөнінде қадамдар жасауда. Олар Қытай тарихының маңызды кезеңдерінде «делдал» рөлін атқарып, өтпелі кезеңдерді өткеруге өз септігін тигізді. Бүгінде аналитикалық орталықтардың саны туралы нақты мәліметтер аз болғанымен, әртүрлі мамандардың мәліметтері бойынша Қытайдағы аналитикалық орталықтар саны шамамен 400-ден 2500-ге жуық.

Шанхай әлеуметтік ғылымдар академиясының «Аналитикалық орталықтарды зерттеу орталығының» мәліметтері бойынша 2017 жылы Қытайда 464 аналитикалық орталықтың бар екендігі көрсетілген (сурет 1) [1, 19].



Сурет 1. Қытай аналитикалық орталықтарының 2013-2017 жж. саны

**Негізгі бөлім.** Пенсильвания университетінің «Аналитикалық орталықтар және азаматтық қоғам» бағдарламасының директоры Джеймс МакГанның (James G. McGann) «Аналитикалық орталықтардың жаһандық рейтингісі» («The Global «Go-To Think Tanks») атты зерттеуіне сәйкес, бүгінгі таңда әлемде 7815 аналитикалық орталықтар бар, оның 1676-ы Азияда шоғырланған, ол аналитикалық орталықтардың жалпы санының 20,7%-ын, ал Қытай аналитикалық орталықтары Азиядағы орталық санының 30,5%-ын құрап, 2018 жылғы мәлімет бойынша саны 507-ге жетіп, соңғы жылдары өсу тенденциясын көрсетуде (сурет 2) [2, 36].



Сурет 2. Қытай аналитикалық орталықтарының 2008-2018 жж. саны

Керісінше, Синхуа агенттігінің мәліметтері бойынша 2008 жылдың өзінде Қытайда 2500 саяси зерттеу институттары болған [3, 11].

Қытай аналитикалық орталықтары жыл сайын жаһандық рейтингтегі өз позицияларын күшейтуде. Мысалы, 2007 жылғы «Әлемдегі жетекші аналитикалық орталықтардың бірі» деген номинацияда Қытайдың 6 аналитикалық орталығы енсе, АҚШ мемлекетін есепке алмағанда 2018 жылғы мәлімет бойынша әлемдік ең үздік деген 142 орталықтың арасында 8 қытайдың аналитикалық орталығы бар.


Сонымен қатар, Қытай аналитикалық орталықтарының белсенді жұмысын Дж.МакГанн зерттеуіндегі бірқатар номинациялар бойынша нәтижелері де көрсетеді. Атап айтсақ, Қытай аналитикалық орталықтары:

Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік – 2, ұлттық экономика – 9, білім беру – 1, энергетика – 3, қоршаған орта – 4, сыртқы саясат және халықаралық қауіпсіздік – 5, денсаулық сақтау – 5, халықаралық даму – 7, халықаралық экономика – 7, ғылым мен технология – 3, әлеуметтік саясат – 3 орталық салалық номинациялар бойынша бөлінген.

Сондай-ақ, ең үздік мемлекеттік аналитикалық орталық ретінде 7 Қытай аналитикалық орталығы, университет құрамындағы ең үздік деп 7 аналитикалық орталық, 4 орталық – ең үздік тәуелсіз аналитикалық орталық, ал 3 аналитикалық орталық – 5 млн. доллардан кем емес бюджеті бар, тағы 3 аналитикалық орталық әлеуметтік желіні және медианы ең үздік қолданатын номинация қатарына енген.

Жалпы, аналитикалық орталықтардың жаһандық рейтингісінің нәтижелері шартты болғанмен, қытайлық аналитикалық нарық туралы, оның зерттеу бағыттары мен басымдықтары туралы біршама ақпарат береді. Сонымен қатар, аналитикалық орталықтарды зерттейтін өз институтын ашып, өзіндік рейтинг жүйесін жасауы Қытайда өз аналитикалық нарығына деген үлкен қызығушылық белгісі болып табылады.


Кез келген мемлекеттегі аналитикалық нарықтың өзгеруі мен дамуы елдегі модернизация үрдістеріне де, мемлекет басшылығының ауысуына да байланысты. Қытайда аналитикалық орталықтардың дамуы бірнеше кезенді қамтиды. Мысалы, Қытай ғалымдары Хуфен Шу және Лан Хуэ Қытай аналитикалық орталықтарының дамуында 3 кезенді бөліп қарастырады (сурет 3) [4, 456]:



Сурет 3. Қытай аналитикалық орталықтарының даму кезеңдері Хуфен Шу және Лан Хуэ бойынша


Қытай аналитикалық орталықтарының даму кезеңдерінің батыстық тұжырымдамасы қытайлық тұжырымдамадан біршама ерекшеленеді. Дж.Макганнның пікірінше, Қытай аналитикалық орталықтарының дамуы 2 кезеңді қамтиды:

Бірінші кезеңдегі аналитикалық орталықтар «мәдени революция» алдында пайда болған. Екінші кезең Ден Сяопин басқаруымен байланысты [5, 25]. Бұл кезеңде Қытай экономикасын реформалауды жүзеге асыруда шешуші роль атқарған экономикалық сипаттағы аналитикалық орталықтар кең етек алды. Бірақ Дж.Макганн өзінің келесі зерттеуінде Қытай аналитикалық орталықтарының дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырады (сурет 4) [6]:



Сурет 4. Дж.Макганн бойынша Қытай аналитикалық орталықтарының даму кезеңдері

Жоғарыда келтірілген аналитикалық орталықтардың даму кезеңдері Қытай тарихының елеулі оқиғаларымен байланысты. Олардың дамуын Қытайдың саяси даму контексінен ажыратып қарастыру мүмкін емес, бірақ шартты түрде оны келесі кезеңдерге бөлуді ұсынып отырмыз (сурет 5):



Сурет 5. Қытай аналитикалық орталықтарының даму кезеңдері

Жалпы, Си Цзиньпиннің 2012 жылғы КХР Төрағасы лауазымына келген уақытынан кейін Қытайда аналитикалық орталықтарға және олардың зерттеулеріне деген мемлекет тарапынан көзқарас өзгерді. 2012 жылдан бастап келесі іс-шаралар аналитикалық нарықтың кеңеюіне және ұлғаюына әсерін тигізді (сурет 6):



Сурет 6. Қытай аналитикалық нарығының дамуына әсер еткен іс-шаралар

Мемлекет тарапынан аналитикалық орталықты дамыту мақсаты 2012 жылы Си Цзиньпиннің келуімен және қараша айындағы ҚКП-ның 18-ші съезінде қытайлық ерекшелігі бар аналитикалық орталықтарды құру жоспарын жариялаудан басталды.

Си Цзиньпин мемлекеттік саясатты құруға ықпал етіп қана қоймай, Қытайдың халықаралық ықпалын күшейтуге, билік құрылымдарына шешім қабылдауда сапалы сараптама беруге бағытталған аналитикалық орталықтарды құру міндетін қойды.

Сонымен қатар, аналитикалық орталықтардың халықаралық байланысын кеңейтіп,

шет елдердің мамандарын жұмысқа тартып, басқа мемлекеттерде қытайлық институттардың филиалдарын ашу арқылы Қытайдың жұмсақ күшін нығайту міндеті қойылды.

Қазіргі уақытты Қытай аналитикалық орталықтарын дамыту стратегиясында мынадай екі ерекшелікті атап өтуге болады:

1. Аймақ және сала бойынша аналитикалық орталықтарды дамыту.

«Провинция деңгейіндегі негізгі аналитикалық орталықтарға» келетін болсақ, кейбір мәліметтерге қарағанда, 2015 жылдың маусымынан 2016 жылдың желтоқсанына дейін Цзянсу, Хунань, Хэбэй және Гуанси провинцияларында аймақтық аналитикалық орталықтарды құрудың жаңа бағдарламасы қабылданған.

«Провинция деңгейіндегі негізгі аналитикалық орталықтар» аймақ деңгейіндегі мәселелерді зерттеуге, аймақтағы партия комитеттерінің және аймақтық биліктің шешім қабылдауында ғылыми негізделген шешімдерді дайындауға ықпал етеді.

Ал салалар бойынша мысал келтіретін болсақ, Қытай ғылым мен технология ассоциациясы инновация бағыты бойынша, Мәдениет министрлігі өнер саласын зерттейтін аналитикалық орталықтарды құруға мақсат қоюда.


2. Аналитикалық орталықтарда сарапшыларды дайындау стратегиясы.

Әр аймақ сарапшыларды дайындау мен дамытуда әр түрлі стратегияны пайдалануда. Мысалы, Хэбэй провинциясы аға ғылыми топты және зерттеу ұжымдар жүйесін, Чжэцзян провинциясы басшылығында бас сарапшы бар күрделі пәнаралық зерттеу тобын құруға назар аударуда.

Гуанси-Чжуан автономды округы «6511 сарапшылар жобасын» құруда, яғни келесі 3-5 жыл аясында шешім қабылдау кеңесшілері ретінде ұлттық деңгейдегі аналитикалық орталықтардың 50 мықты сарапшысы, провинция деңгейіндегі аналитикалық орталықтардың мықты 100 сарапшысы, академиялық ортадағы 100 мықты ғалымнан тұратын 6 талантты пул жасақталады [7, 78].

Жоғарыда көрсетілген тенденциялар әрі Қытай мемлекеті тарапынан жүзеге асырылған негізгі іс-шаралар аналитикалық нарықтың кеңеюіне әрі жандануына ықпалын тигізді.

Сонымен қатар, Қытай үкіметі аналитикалық орталықтарды дамытуды екі бағытта жүзеге асыруда (сурет 7):



Сурет 7. Қытай аналитикалық орталықтарын дамыту бағыттары

Қытай заңнамасына сәйкес зерттеу институттарына жататындар: мемлекеттік агенттіктер, қоғамдық институттар, азаматтық коммерциялық емес институттар.

Зерттеушілер Хувенг Шу, Лан Хуэнің пікірінше, Қытай аналитикалық орталықтары жартылай ресми және азаматтық болып бөлінеді [8, 338].

- 1) жартылай ресми аналитикалық орталықтарына қоғамдық институттар жатады;
- 2) азаматтық аналитикалық орталықтарына коммерциялық институттар, университеттік зерттеу орталықтары жатады.

Жартылай ресми аналитикалық орталықтар Қытай үкіметінен тыс кеңес беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар толыққанды тәуелсіз емес, себебі олар мемлекет тарапынан құрылып, мемлекет тағайындаған тұлғамен басқарылып, капиталды бақылаушы мемлекеттік агенттіктен алады. Бірақ олардың автономдылығы мемлекет, сонымен қатар демеушілер мен халықаралық ұйымдар тарапынан жобаларға қатыса алуынан көрініс табады. Азаматтық аналитикалық орталықтар мемлекетпен аз мөлшерде байланысты. Олар шетел қорларының, ішкі қорлар, жеке меншік капитал, кәсіпорын капиталы сияқты бірнеше қаржы көзін пайдаланады. Олар құрамы жағынан шағын түрде құрылып, үкімет жұмысына сын бере отырып, мемлекеттік органдармен жақсы қарым-қатынас ұстанады.


И. Комиссинаның пікірінше, Қытайдағы аналитикалық орталықтардың тағы бір түрі – азаматтық аналитикалық орталықтар. Азаматтық аналитикалық орталықтардың басты ерекшелігі – білім беру және мемлекеттік мекемелерде, тіпті зауыттар мен фабрикаларда белсенді түрде дәріс оқып, газеттерге мақала жариялап, теледидарда бағдарламаға жиі қатысып, радикалды мазмұндағы мақалалар жариялап, ішкі және саяси мәселелерді бұқаралық түрде талқылаудың бастамашысы болып табылады.

И. Комиссинаның пікірінше, азаматтық аналитикалық орталықтардың 2 түрі бар (сурет 8) [7, 80]:



Сурет 8. Азаматтық аналитикалық орталықтардың түрлері

Шанхай әлеуметтік ғылымдар академиясының «Аналитикалық орталықтарды зерттеу орталығының» деректері бойынша бүгінде Қытайда аналитикалық орталықтардың 4 түрі бар (сурет 9) [9, 10]:



Сурет 9. Қытай аналитикалық орталықтарының түрлері

Қытай аналитикалық орталықтар басқа зерттеу ұйымдары сияқты қоғамда, мемлекетте нақты қызметтер атқарады. Классикалық тұрғыдан аналитикалық орталықтары келесі қызметтері атқарады:


- 1) идеялар фабрикасы – ішкі және сыртқы саясат үшін негіз болатын айрықша идеяларды құру;
- 2) таланттарды жеткізу – сараптамалық талдау орталықтардың тәжірибелі мамандары мемлекеттік органдарға және мемлекеттік органдардың тәжірибелі мамандары аналитикалық орталықтарға жұмыс істеуге барады;
- 3) кәсібилердің бірігуі – танымал ғалымдарға саясаттың маңызды мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді;
- 4) бұқарамен, халықпен өзара әрекеттесуі – ішкі және сыртқы саясаттағы мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шешімдерді тұрғындарға түсіндіру жөнінде жұмысын жүргізеді;
- 5) қарама-қайшылықтарды жеңу – шиеленістерді, қарама-қайшылықтарды шешу мақсатында іс-шараларды ұйымдастырып, медиатор ролін атқарады.

Қытай аналитикалық орталықтары зерттеу ұйымдарына тән қызметтерді толыққанды орындамайды, мысалы айрықша идеяларды құру аналитикалық орталықтардың емес, ҚХР-ның коммунистік партиясының құзыры болып табылады. Сонымен қатар, олар үгіт-насихаттық, түсіндіру қызметтерін атқарады. Қытай аналитикалық орталықтары американдық аналитикалық орталықтар сияқты мемлекеттік органдар мен зерттеу орталықтарының арасында мамандардың алмасуын қамтамасыз ететін «айналмалы есік» атты механизмді де жүзеге асырады.

Бірақ Қытай аналитикалық орталықтарының «айналмалы есік» қызметінің ерекшелігі мынада:

- 1) алмасу көп жағдайда мемлекеттік аналитикалық орталықтар тарапынан болады;
- 2) АҚШ-пен салыстырғанда саясатқа кадрларды дайындаудың механизмі емес, себебі саясаткерлер көп жағдайда партия құрамында дайындалады;
- 3) бұл механизм Қытай аналитикалық орталықтарының дамуының 3 кезеңінен бастап қана дами бастады.


Қытай аналитикалық орталықтарының мемлекеттік органдармен әрекет ету үлгілері (сурет 10):



Сурет 10. Қытай аналитикалық орталықтарының мемлекеттік органдармен әрекет ету үлгілері

Сонымен Қытайдың саяси жетекшілері үшін аналитикалық орталықтар саяси шешімді қабылдау үдерісін демократизациялаудың және реттеудің маңызды құралы болып табылады.

Кез келген Қытай аналитикалық орталығы үшін 3 ресурс маңызды (сурет 11):



Сурет 11. Қытай аналитикалық орталықтарын құру ресурстары

Жеке тұлға байланыстары, яғни Қытай қоғамында жеке тұлға байланыстары туысқандық, әлеуметтену типі, ұзақ мерзімді ынтымақтастық, мектеп байланыстары сияқты әр түрлі қарым-қатынастарға негізделген. Аналитикалық орталықтардың өздерінің бақылаушы органдарымен әкімшілік байланыстары азаматтық аналитикалық орталықтармен салыстырғанда тығыз әрі тұрақты.

Жартылай ресми аналитикалық орталықтар әкімшілік байланыстар арқылы саясатқа ықпалы анағұрлым зор, ал жеке меншік аналитикалық орталықтар өз ықпалын жеке дара зерттеушілердің көмегімен жүзеге асырады. Сол себепті азаматтық аналитикалық орталықтар үшін жеке тұлғааралық қарым-қатынас және сарапшылар маңызды болса, жартылай ресми аналитикалық орталықтар үшін әкімшілік байланыстар анағұрлым үлкен роль ойнайды. Жартылай ресми аналитикалық орталықтар саяси бағыттылыққа ие болса, жеке меншік аналитикалық орталықтар анағұрлым әлеуметтік жағынан бағытталған.

Қазіргі уақытта Қытай аналитикалық орталықтарының өсуіне 3 тенденция әсерін тигізеді:

- 1) қатаң саясат дәуірінің әрі ұжымдық жетекшіліктің аяқталуынан саясаткерлер өз саясатын заңдастыру үшін аналитикалық орталықтардың қызметіне жүгінеді;
- 2) Қытайдың әлемдік экономикамен бірігу үдерісінің ұлғаюы шетел инвестициясы және халықаралық қаржы саласына ғалымдарды тартуды қажет етеді;
- 3) Қытай экономикасының дамуы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси құрылымын ашып қана қоймай, көптеген мүдде топтарының пайда болуына әкеп соқтырады [11].



Сонымен, көптеген аналитикалық орталықтар әлемдік саясаттағы қауіптер мен шақыруларға жауап ретінде құрылады. Аналитикалық орталықтардың дамуы тікелей ел ішіндегі үдеріске емес, әлемдік дамуға да байланысты. Олар елдегі нақты оқиғаларға жауап ретінде пайда болып, олардың зерттеу бағыттарын және тақырыптарын анықтайды.

Қорытынды. ҚХР саяси жаңаруын және қазіргі саяси дамуын ескере отырып, Қытайдың аналитикалық орталықтарына қатысты мынадай негізгі тұжырымдарды құруға болады:

- 1) Соңғы 5 жылда Қытайда аналитикалық нарық, аналитикалық орталықтар жұмысын реформалау белсенді сипатқа ие болуда;
- 2) Аналитикалық орталықтардың түрлерін және қаржыландыру диверсификациясы тенденциясы тән;
- 3) Аймақтық және салалық деңгейде аналитикалық орталық жүйесін құру жөнінде мемлекет тарапынан мақсатты жұмыс жүргізілуде;
- 4) Жеке меншік аналитикалық орталықтарды құруға заңнамалық тұрғыдан қолдау көрсетілуде;
- 5) Қытай аналитикалық орталықтары демократия және адам құқықтары мәселеріне қарағанда экономика, халықаралық экономика және халықаралық қатынастар мәселелерін көбірек зерттейді;
- 6) Қытай аналитикалық орталықтары мақсатты топ ретінде өз зерттеу нәтижелерін тарату және жеткізу үшін қоғамдастық немесе БАҚ-қа емес, саясаткерлер мен саяси элитаға бағыттайды;
- 7) Қытай аналитикалық орталықтарының 90%-ы үкіметпен негізі қаланған және мемлекет, партия тарапынан қаржыландырылады, бизнес құрылымдарының зерттеулерді қаржыландыруы ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында ғана орын ала бастады;
- 8) Қытай аналитикалық орталықтарының қызметінде білім беру саясаты, яғни магистрлік және докторлық бағдарламалардың болуы – негізгі жұмыс бағыттарының бірі болып табылады;
- 9) мемлекеттік органдармен, әсіресе жеке-дарасаясаткерлермен байланыстардың болуы Қытай сараптамалық талдау орталығының тиімді әрі сәтті, нәтижелі қызмет етуіне әсер ететін факторлардың бірін құрайды;
- 10) аналитикалық орталықтар мықты, маманданған сарапшыларды дайындау платформасы ретінде қабылданып, аймақтық деңгейде белсенді дамуда;
- 11) өзіндік әдіснамасы мен әдістемесі негізінде Қытай аналитикалық орталықтарының (академиялық және университеттік) ұлттық рейтингісін жүргізуде;
- 12) Қытай үкіметі аналитикалық орталықтарды «дамудың қытайлық үлгісін» танымал ету, оны тарату, өзінің жұмсақ күш құралы ретінде позициясын күшейтуде.

Жалпы алғанда, саяси режимнің және саяси жүйенің өзгешелігіне қарамастан, Қытай мемлекетінде де аналитикалық орталықтардың дамуына ерекше назар аударатыны байқалады. Аналитикалық орталықтардың қызметінде білім беру саясатына үлкен мән беруі, яғни магистрлік және докторлық бағдарламалардың болуы саясаттану мамандығы бойынша мамандарды дайындауда үлкен ресурс болып табылады деп есептейміз.

#### Әдебиеттер тізімі

1. 2017 Report on Chinese Think Tanks -Influence Rankings and Policy Suggestions – March 2018 [Электронды ресурсы]. – URL: <https://onthinktanks.org/publications/the-2017-china-think-tank-index-report-methodology-and-think-tank-rankings/> (қаралған күні: 23.09.2019 ж.)
2. James G. McGann. 2018 Global Go To Think Tank Index Report [Электронды ресурсы]. – URL: [https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think\\_tanks](https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks). (қаралған күні: 23.09.2019 ж.)
3. Комиссина И.Н. Научные и аналитические центры Китая. - М.: РИСИ, 2012.
4. X.Zhu., L.Xue. Think tanks in transitional China, Public Administration and Development. – 2007. – Vol.

27. – p. 456.

5. James G. McGann. Think tanks and civil society in mainland China, Hong Kong, and Taiwan [Электронды ресурс]. – URL: [http://www.dragon-report.com/Dragon\\_Report/home/home\\_files/mcgann-rccpb-21-think-tanks-march-2012.pdf](http://www.dragon-report.com/Dragon_Report/home/home_files/mcgann-rccpb-21-think-tanks-march-2012.pdf). – pp.25 (қаралған күні: 23.09.2019 ж.)
6. The Rise of China’s New Soft Power [Электронды ресурс]. – URL: <https://thediplomat.com/2015/06/the-rise-of-chinas-new-soft-power/> (қаралған күні: 23.09.2019 ж.)
7. Комиссина И.Н. Новые “мозговые центры” с китайской спецификой: проблемы и перспективы развития // Проблемы национальной стратегии. – 2017. - №6 (45).
8. Zhu X. The Influence of Think Tanks in the Chinese Policy Process: Different Ways and Mechanisms // Asian Survey. - March/April. - 2009. - Vol. 49, No. 2. - p. 338
9. 2016 Report on Chinese Think Tanks —Influence Rankings and Policy Suggestions [Электронды ресурс]. – URL: <https://onthinktanks.org/wp-content/uploads/2018/09/The-2017-Report-on-the-Development-of-CTTI-Source-Think-Tanks-FNL.pdf>. (қаралған күні: 23.09.2019 ж.)
10. Think Tanks in China: Growing Influence and Political Limitations [Электронды ресурс]. – URL: [http://www.brookings.edu/events/2008/1023\\_think\\_tanks.aspx](http://www.brookings.edu/events/2008/1023_think_tanks.aspx) (қаралған күні: 23.09.2019 ж.)

**А.С. Жолдыбалина, М.М. Нургалиева, А.К. Назарбетова**

*Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан,  
Нур-Султан, Казахстан*

#### **Аналитические центры Китая: основные тенденции развития**

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности аналитических центров, динамично развивающихся на сегодняшний день в Китайской Народной Республике, их место в глобальном рейтинге и вклад в процесс проведения государственной политики. Показаны специфика и направления стратегий развития аналитических центров Китая, а также их виды и деятельность.

По мнению авторов статьи, несмотря на отличия политического режима и политической системы, в Китае также отмечается особый интерес к развитию аналитических центров. Данная тенденция началась с прихода на должность Председателя КНР Си Цзиньпина в 2012 году и объявления плана по созданию аналитических центров с китайской спецификой на 18-ом съезде КПК в ноябре того же года.

В деятельности аналитических центров Китая образовательная политика, то есть наличие магистерских и докторских программ, является одним из основных направлений их работы. Вместе с тем китайское правительство укрепляет позиции аналитических центров в популяризации «модели китайского пути развития», его распространения, а также в виде инструмента мягкой силы.

**Ключевые слова:** аналитические центры, Китай, глобальный рейтинг, стратегия развития, эксперты, аналитический рынок, исследовательские центры.

**A.S. Zholdybalina, M.M. Nurgaliyeva A.K. Nazarbetova**

*Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan,  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

#### **China think tanks: key development trends**

**Abstract.** In the article, authors consider the features of think tanks that are dynamically developing today in the People’s Republic of China, their place in the global ranking, and in general about their contribution to the conduct of public policy. Also shown are the specifics and directions, types and activities in the development strategy of the think tanks of China.

According to the authors of the article, despite the differences between the political regime and the political system, China also has a particular interest in the development of think tanks. This trend began with the advent of President Xi Jinping in 2012 and the announcement of a plan to create think tanks with Chinese characteristics at the 18th CCP Congress in November of that year.

In the activities of the think tanks of China, educational policy, that is, the availability of master’s and doctoral

programs is one of the main directions of their work. At the same time, the Chinese government is strengthening the position of think tanks in popularizing the “model of the Chinese development path”, its distribution, and also as an instrument of soft power.

**Keywords:** Think tanks, China, global ranking, development strategy, experts, analytical market, research centers.

## References

1. 2017 Report on Chinese Think Tanks -Influence Rankings and Policy Suggestions. March 2018 [Electronic resource]. Available at: [http://pjzgzk.org.cn/upload/file/20181024/20181024154437\\_137.pdf](http://pjzgzk.org.cn/upload/file/20181024/20181024154437_137.pdf). (Accessed: 23.09.2019 ж.)
2. James G. McGann. 2018 Global Go To Think Tank Index Report [Electronic resource]. Available at: [https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think\\_tanks](https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks). (Accessed: 23.09.2019 ж.)
3. Komissina I.N. Nauchnyye i analiticheskiye tsentry Kitaya [Scientific and think tanks of China] (RISI, Moscow, 2012).
4. X. Zhu., L.Xue. Think tanks in transitional China //Public Administration and Development, 27, 456 (2007).
5. James G. McGann. Think tanks and civil society in mainland China, Hong Kong, and Taiwan [Electronic resource]. Available at: <http://www.hks.harvard.edu/hauser/downloads/McGann%20Paper.pdf>. (Accessed: 23.09.2019 ж.)
6. The Rise of China’s New Soft Power [Electronic resource]. Available at: <https://thediplomat.com/2015/06/the-rise-of-chinas-new-soft-power/> (Accessed: 23.09.2019 ж.)
7. Komissina I.N. Novye “mozgovye tsentry” s kitaiskoi spetsifikoi: problemy i perspektivy razvitiia [New “think tanks” with Chinese characteristics: problems and development prospects] Problemy nacional'noj strategii [Problemy natsionalnoi strategii], 6 (45), 72-80 (2017). [in Russian]
8. Zhu X. The Influence of Think Tanks in the Chinese Policy Process: Different Ways and Mechanisms // Asian Survey. - March/April. - 2 (49) 338 (2009).
9. 2016 Report on Chinese Think Tanks —Influence Rankings and Policy Suggestions/ [Electronic resource]. Available at: [http://www.pjzgzk.org.cn/upload/file/20170628/20170628011519\\_525.pdf](http://www.pjzgzk.org.cn/upload/file/20170628/20170628011519_525.pdf) (Accessed: 23.09.2019 ж.).
10. Think Tanks in China: Growing Influence and Political Limitations [Electronic resource]. Available at: [http://www.brookings.edu/events/2008/1023\\_think\\_tanks.aspx](http://www.brookings.edu/events/2008/1023_think_tanks.aspx) (Accessed: 23.09.2019 ж.)

### *Авторлар туралы мәлімет:*

**Жолдыбалина А.С.** - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, «Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.), Бейбітшілік көш., 4, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Нұргалиева М.М.** - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты, Бейбітшілік көш., 4, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Назарбетова Ә.Қ.** - Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының Халықаралық зерттеулер бөлімінің басшысы, «Саясаттану» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D.), Бейбітшілік көш., 4, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Zholdybalina A.S.** - Head of the Department of Social and Political Studies of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, Dr. Ph.D. specialty “Political science”, st. Beibitshilik, 4, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Nurgaliyeva M.M.** - Deputy Director of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, candidate of political sciences, Beibitshilik str., 4, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Nazarbetova A.K.** - Head of the Department of International Studies of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan, Dr. Ph.D. specialty “Political science”, Beibitshilik str., 4, Nur-Sultan, Kazakhstan.